

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері

### **Күшін жойған**

Қазақстانا Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 450. Қаулы күшін жойды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.10.30. N 1473 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қызметінің тиімділігін арттыру және құрылымын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі аппаратының құрылымы 1 -қосымшаға сәйкес аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 150 адам болып бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.07.07. N 1065 қаулысымен. Р 971065 –

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне министрдің үш орынбасарын (вице-министрлер), сондай-ақ 9 адам санында алқа ұстауға рұқсат етілсін.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 5 қызметтік женіл автомобиль лимиті белгіленсін.

5. Облыстар, Алматы қалалық әділет басқармаларының саны 868 адам болып белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарауында қоса беріліп отырған тізбедегі (2-қосымша) ұйымдар бар екендігі ескерілсін.

7. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1741 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 38, 493-құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1741 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қарашадағы N 1393 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 47, 455-құжат);

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1996 жылғы 23 желтоқсандағы N 1589 қаулысы.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 1 сәуірдегі  
N 450 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы  
**ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (Әділетмині) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне, осы Ережеге, сондай-ақ Әділет министрінің бүйрықтарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Әділет органдарының бірынғай жүйесін құрайтын аумақтық органдар мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға басшылықты жүзеге асырады және республикалық бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де көздерден ұсталады.

3. Әділет министрлігі - орталық аппарат және оның аумақтық органдары занды тұлғалар (мекемелер) болып табылады және банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

4. Әділет министрлігінің құрылымы мен штат санын Қазақстан

Республикасының Үкіметі, департаменттер, комитеттер (агенттіктер), әділеттің аумақтық органдары мен министрліктің қызметін қамтамасыз ететін өзге де құрылымдардықін - Әділет министрі бекітеді.

**II. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің**

негізгі міндеттері

5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

заң жобалары жұмыстарын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу;

құқықтық сараптама және нормативтік құқықтық актілерді тіркеу; сottардың қызметін ұйымдастыру, кадр және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

сот-сараптама қызметін ұйымдастыру, материалдық залалды өтеу бөлігінде азаматтық және қылмыстық істер бойынша атқару ісін жүргізуді қамтамасыз ету;

халықаралық шарттар мен келісімдерді дайындауды және жасауды құқықтық қамтамасыз ету, шетел құқықтық көмегін беруге байланысты шараларды үйлестіру;

мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

заңды тұлғаларды;

жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді;

бағалы қағаздар әмиссиясын;

нормативтік құқықтық актілерді;

құқықтық көмекті ұйымдастыру және заң қызметін көрсету;

жаппай құқықтық оқуды әдістемелік қамтамасыз ету;

заңдармен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

### III. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің функциясы

6. Жүктелген міндеттерге сәйкес Әділет министрлігі мен оның органдары өздерінің құзыреті шектерінде және өкілеттіктері шеңберінде мынадай ұйымдастырушылық, әдістемелік, бақылау және басқа да басқару қызметтерін орындауды:

1) Заң жобалары жұмысын жүргізу, заңдарды жетілдіру саласында:

заң жобасы жұмысы, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша және өзінің бастамашылығы бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің

тапсырмасы бойынша және өз бастамашылығы бойынша Президент Әкімшілігі, Премьер-Министрдің Кеңесі, министрліктер мен ведомстволар дайындастын Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің заңдары мен нормативтік құқықтық актілері жобаларының құқықтық сараптамасы, сондай-ақ Парламент Палаталары Төрағаларының ұсыныстары бойынша заң актілері жобаларының құқықтық сараптамасы;

осы мақсатта арнаулы бюджеттік және бюджеттен тыс қаражатты пайдаланып, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, оның ішінде шетелдің мамандары мен сарапшыларын заң жобалау, сараптама, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және консультацияларын жүзеге асыруға тарату;

республика Премьер-Министрінің және Үкіметінің тапсырмасы бойынша және өз бастамашылығы бойынша Үкіметтің нормативтік құқықтық актілерін ресми түсіндіру;

құқықтық ақпараттандыру, заңдарды жүйелеу, нормативтік құқықтық актілердің эталондық банкін жүргізу, республикада құқықтық ақпараттың бірыңғай компьютерлік жүйесін құру;

заң аясында ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру.

2) Соттардың жұмысын және сот-сараптама қызметін ұйымдастыру саласында:

сот істерін қарау мерзімін, сот үкімдері мен шешімдерінің атқарылу жағдайын бақылау;

материалдық залалды өтеу бөлігінде азаматтық істер мен қылмыстық істер бойынша атқару ісін жүргізуді ұйымдастыру;

сот статистикасын жүргізу;

сот кадрларын, мемлекеттік сот сарапшыларын іріктеу және орналастыру, сот приставтары мен сот атқарушыларының жұмысын ұйымдастыру;

сот жүйесін және сот-сараптама ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қаржыландыру, соттардың қызметін қамтамасыз ету жөніндегі басқа да шараларды жүзеге асыру;

сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және лицензиялау, сот сарапшыларына заңда белгіленген тәртіппен патенттер беру;

сот сараптама саласында ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру.

3) Халықаралық шарттар мен келісімдерді құқықтық қамтамасыз ету, шетел құқықтық көмегін үйлестіру саласында;

шетел мемлекеттерімен құқықтық көмек және құқықтық ынтымақтастық туралы заңмен белгіленген өкілеттіктерге сәйкес шарттарды дайындау, қол қою және атқарулын ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының кепілдігімен жасалатын қарыздар бойынша заңдық бағалау (Legal opinion);

көрсетілген шарттарға сәйкес шетел мемлекеттерінің сот тапсырмаларын, өтініштерін және өтініштемелерін атқару;

халықаралық шарттар жобаларының құқықтық сараптамасы.

4) Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру саласында:

заңды тұлғаларды тіркеуді және олардың тізілімін жүргізу;

акционерлік қоғамдардың мәлімденген жарғылық қорының 200 000 ең төменгі есепті көрсеткішке дейінгі бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу;

барлық мемлекеттік органдардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентіне бағынышты және есеп беретін: Ұлттық Банктің, Орталық сайлау комиссиясының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Мемлекеттік тергеу комитетінің, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттіктің; министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, азаматтардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мұдделерін қозғайтын, немесе ведомствоаралық сипаттағы нормативтік құқықтық актілерін тіркеу және олардың Мемлекеттік тізілімін жүргізу;

жалпыға бірдей мәлімет үшін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің тізбесін жариялау;

жылжымайтын мүлікке арналған құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу, Жылжымайтын мүлікке арналған құқықтық кадастрын жүргізу құқығы;

5) Құқықтық көмек пен заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру саласында:

мемлекеттік нотариалдық кеңселер қызметіне басшылық жасау, жеке нотариаттың дамуына жәрдемдесу жөніндегі қызмет;

нотариалдық және адвокаттық қызметті, ақылы заң қызметін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

мемлекеттік нотариат кадрларын іріктеу, аттестациялау және орналастыру, адвокаттар мен нотариустарға патенттер беру;

азаматтық хал актілерін жазу органдарының қызметін нормативтік құқықтық, ұйымдастырушылық, кадрлық және қаржылық қамтамасыз ету;

адвокатураға әдістемелік басшылық жасау;

министрліктер мен ведомстволардың заң қызметтерін үйлестіру, жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік-құқықтық бөлімдерімен өзара іс-кимыл жасау;

нотариалдық кеңселердің, АХАЖ органдарының, адвокатураның заңды және жеке тұлғаларға көрсететін заң қызметінің сапасына бақылау жасау.

"АХАЖ" органдарының кадрларын аттестациялау, іріктеу және тағайындауға ұсыну, АХАЖ органдарына ұйымдастыру, әдістемелік басшылық жасау, Қазақстан Республикасы азаматтық хал актілерін жазу органдарының қызметінде

бірыңғай құқықтық қолданымды практиканы қамтамасыз ету.

6) Жаппай құқықтық оқу саласында:

жаппай құқықтық оқуды жүзеге асыру;

баспа қызметі, заң әдебиетіне, жаппай құқықтық оқу проблемалары жөніндегі әдебиетке тапсырысшы болу функциясы;

эталондық заң актілерін, ақпараттық заң және құқықтық ақпараттық автоматтандырылған жүйесін пайдалану арқылы шарттық негізде ұсыну;

казақ және орыс тілдерінде заң газеттері мен журналдарын шығару;

жаппай құқықтық оқу мен құқықтық насиҳатты ұйымдастыру бойынша ведомствоаралық үйлестіру, зандарды түсіндіруге қатысу.

Әділет министрлігі мен оның органдары зандарда көзделген өзге де фунцияларды, оның ішінде:

Әділет біліктік алқасының қызметін ұйымдастырушылық, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

әділет және соттар жүйесі кадрларын даярлау және қайта даярлау;

аумақтық әділет органдарын, ұйымдарын қаржылай және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың 5)-тармақшасы жаңа абзацпен толықтырылды -  
ҚРУ-нің 1997.10.03. N 1411 қаулысымен.

#### IV. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің құқықтары

7. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен органдары жүктелген міндеттерге сәйкес өз құзыretі шектерінде және өкілеттіктері шеңберінде өз фунциясын орындағай отырып:

орталық және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың міндетті орындауына жататын нормативтік-құқықтық актілер шығаруға;

ведомствоаралық үйлестіру мен олардың құзыretіне енетін мәселелер бойынша бақылауды жүзеге асыруға;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан заңмен белгіленген тәртіппен ақпарат пен материалдар сұрауға және алуға;

өзіне берілген мүлікті басқаруды жүзеге асыруға;

заңмен белгіленген тәртіппен лицензиялауды жүзеге асыруға;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру, тарату және олардың қызметі мәселелері жөнінде шешімдер қабылдауға;

баспа қызметін жүзеге асыруға құқылы.

8. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, оның органдары мен мекемелері заңмен белгіленген тәртіpte өзге де құқықтарға ие.

V. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің  
қызметін үйымдастыру

9. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Министр басқарады.

10. Әділет министрі Әділет министрлігі жұмысына басшылық жасайды және Әділет министрлігіне жүктелген міндеттерді орындауға жеке жауап береді. Осы мақсатта Әділет министрі:

вице-министрлердің міндеттерін, департаменттердің, комитеттердің (агенттіктердің), басқа құрылымдық бөлімшелердің, ведомстволық бағыныстағы үйымдардың құзыретін айқындауды;

Үкіметке департамент (тердің) директорын (ларын), агенттіктің (тердің,) комитет (тердің) төрағаларын қызметке тағайындау және қызметінен босату туралы ұсыныс енгізеді, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі орталық аппаратының қызметкерлерін, сондай-ақ департамент директорларын, аумақтық әділет органдарының және Әділет министрлігінің басқа құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық бағыныстағы үйымдарының басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

басқа мемлекеттік органдармен және үйымдармен өзара қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен оның органдарын білдіреді;

занды тұлға болып табылмайтын департаменттер, комитеттер (агенттіктер), Әділет министрлігінің басқа құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

өзінің құзыретіне жатқызылған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мен оның органдары қызметінің мәселелері жөнінде шешімдер қабылдайды.

11. Әділет министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметінен босататын үш орынбасары - әділет вице-министрлері бар.

Әділет министрі болмаған жағдайда оның міндеттерін Әділет министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің, ведомстволық бағыныстағы үйымдардың қызметін үйлестіретін оның вице-министрлерінің бірі атқарады, Әділет министрі өзіне жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

12. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде - құрамында Министр, вице-министрлер, департаменттер, комитеттер (агенттіктер), басқа құрылымдық бөлімшелер мен үйымдар басшылары бар Әділет министрлігінің консультативтік-кеңесуші органы - алқасы құрылады. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі алқасының құрамына өзге де адамдар енүі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі алқасының сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Алқаның дербес құрамы Әділет министрінің бұйрығымен бекітіледі.

13. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің алқасы өз отырыстарында министрліктің, оның аумақтық органдарының және ведомстволық бағыныстағы үйымдардың қызметінің негізгі мәселелерін қарайды, олардың басшыларының есептерін, сондай-ақ облыстық, аудандық (қалалық) соттардың хабарламасын түндайды.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі мен оның алқасының арасында келіспеушіліктер болған жағдайда Министр туындаған келіспеушіліктер туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндап, шешім қабылдайды.

14. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аппараты департаменттерден, агенттіктерден (комитеттерден) және министрліктің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдардан тұрады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің департаменттері, агенттіктері (комитеттері) туралы Ереже мен олардың құрылымын департаменттер, агенттіктер (комитеттер) директорларының ұсынысы бойынша Әділет министрі бекітеді. Заңды тұлғалар болып табылатын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің департаменттері туралы Ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

15. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қызметін

ұйымдастырудың өзге де мәселелері, лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттері, оның қызметін қамтамасыз ететін органдар мен құрылымдардың құзыреті мен құқықтық шенбері Әділет министрі бекітетін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жұмыс регламентімен, департаменттер, агенттіктер (комитеттер), Министрлік қызметін қамтамасыз ететін құрылымдар туралы ережелермен белгіленеді.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 1 сәуірдегі  
N 450 қаулысына  
1-Қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
орталық аппаратының  
ҚҰРЫЛЫМЫ

**Басшылық**

Зандар және нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті  
Сот жүйесі жұмысын ұйымдастыру және тұрғындарға заң қызметін  
көрсету департаменті

Халықаралық құқықтық қамтамасыз ету және құқықтық ақпарат  
департаменті

Жылжымайтын мүлікті және занды тұлғаларды тіркеу жөніндегі  
агентттік

Қаржы басқармасы

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімі

Ішкі қауіпсіздік бөлімі

Кадр және ұйымдастыру-бақылау жұмысы департаменті

**ЕСКЕРТУ.** 1-қосымша өзгертілді және толықтырылды - ҚРЫ-нің  
1997.10.03. N 1411 қаулысымен.

P971411\_

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 1 сәуірдегі  
N 450 қаулысына  
2-Қосымша

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің  
қарауындағы мекемелер мен ұйымдардың  
ТІЗБЕСІ

Қазақ сот сараптамасы ғылыми-зерттеу институты  
Заң ғылыми-зерттеу институты  
Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы  
Ұлттық заң агенттігі  
"Жеті Жарғы" респубикалық заң әдебиеті баспасы  
"Заң газеті - "Юридическая газета" ашық акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК